

Рысымбетов Е.К.  
**Заманауи бейнелеу өнерінің  
көркем тілі**

Мақалада бейнелеу өнердің дәстүрлі және заманауи көркем тілінің табиғатын зерделей келе, өзіндік көркем тілдің қалыптасуы қарастырылған. Қазақ бейнелеу өнерінің табиғаты әлемдік бейнелеу өнерінің дәстүрлерімен генетикалы сабақтастық және заманауи бағытта дамитынын бүгінгі қазақ суретшілерінің шығармаларына талдау арқылы көз жеткіздік. Қазақ өнері және әлем өнерінің арнасынан көрінген Ә.Сыдыханов, Е.Төлепбай сынды суретшілердің шығармалары арқылы өнердің көркем тілінің әлем және қазақ дәстүрлі дүниетанымы өлшемімен тура келетін өзіндік ерекшелігі айқындалды.

**Түйін сөздер:** өнер, заманауи өнер, руханилық, көркем өнер, көркемділік, «қарсы өнер», интроверт, экстраверт, көркем тіл, постмодернизм.

---

Ryssymbetov E.K.  
**The artistic language of the  
modern figurative arts**

The article studies traditional the arts and nature of the modern figurative arts and considers personal formation of art language. By analyzing creations of the Kazakh painters we are assured that that the nature of the Kazakh figurative arts passes a stage of the traditional genetic interrelation and modern times of the world figurative arts. The feature of similarities of the artistic language with the form of the world and Kazakh traditional world views is revealed in creations of distinguished painters of the Kazakh and world arts such as A.Sydykhanov, E.Tolepbai.

**Key words:** the arts, the modern arts, spirituality, artistic the arts, figurativeness, «the opposite arts», introvert, extravert, artistic language, post-modernism.

---

Рысымбетов Е.К.  
**Художественный язык сов-  
ременного изобразительного  
искусства**

В статье изучены традиционные изобразительные виды искусства и природа художественного языка современного изобразительного искусства, также рассмотрено авторское формирование художественного языка. Проанализировав произведения казахских художников, мы убедились в том, что природа казахского изобразительного искусства проходит этап традиционной генетической взаимосвязи и современного мирового изобразительного искусства. В произведениях выдающихся художников казахского и мирового искусства таких, как А.Сыдыханов, Е.Толепбай выявляется особенность совпадения художественного языка искусства с формой мирового и казахского традиционного мировоззрений.

**Ключевые слова:** искусство, современное искусство, духовность, художественное искусство, образность, интроверт, экстраверт, художественный язык, посмодернизм.

## ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ КӨРКЕМ ТІЛІ

Бүгінгі даму үрдісі үстіндегі ХХІ ғасыр өнерінің көркем бағытын анықтап, айқындау қиын. Өйткені аз ғана өткен уақытта қажеттіліктен кездейсоқтықты ажыратуға, оның тұрақтылығы мен болашағын айқындайтын уақыт өте қойған жоқ.

Өнер түсінігінің анықтамасын табу үшін қаншама сыншылар, өнертанушылар, эстетиктер, философтар бастарын қатырып жүргені белгілі. Өнер дегеніміз не? Бұл сұраққа осы кезге дейін қаншама жауаптар берілді. Бірақ бір де бірі оны толық аша алмады. Енді ғана өнер дегеніміз мынау дегенде, ол басқа қырынан ашылып, жаңа түсінік ескіріп қала берді. Сондықтан болса керек, ХХ ғасырдың кейбір ойшылдары өнер түсінігі бар дегенге күмәнмен қарай бастады. Шынымен де поставангардты кезең өнерді бұзды, оның босаған орнына артефакт деген түсінікті енгізді. Және қызығы артефакты толығымен өнер деп қабылдады, ал енді біреулері оның өнерге қатысы жанама ғана деп, оған мысқылмен қарайтын болды. Соңғы кезеңде сыншылар өнер түсінігі ретінде эстетиканы ойлап тапты, шындығында өнер өзіне-өзі тең келетін зат ретінде болуы мүмкін емес деп санаған. Осы кезге дейін өнер табиғатын анықтау – бос әурешілік іс болып отыр. Өнердің өнер екені оның көркемділігінде, ал өнердің көркемділігін өлшейтін де, дәлелдейтін де құрал жоқ. Оның болуы да мүмкін емес, олай дейтін себебіміз өнер сөздің тіліне аударылмайды. Өнерді бақылап қарауға, сезінуге ғана болады. Өнер арқылы түскен байланыста, онымен тілдесуде, интуитивті түрде оның ең басты құрамын – эстетикалық факторларын түсіну үдерісі жүреді. Виталии Манин өнердің шығу тегін адамның биологиялық тамырларынан қарастырады және осы тұрғысында этнографтардың, генетиктердің, психологтардың, биологтар мен археологтардың ойларымен келісе отырып, былай деген: «... тіршілік иесі адамда сана пайда бола бастаған палеолит кезеңінде, сөз заттарды белгілеп білдіретін дыбыстардан емес, түрлі дыбыстарды шығаратын заттардың белгісінен дамыған. Басқаша айтсақ, адам тарихтың ең бастапқы кезінде заттармен түсініскен... кейіннен осылай затпен қабылдау, өзін рецепиентке ұсынуды талап ететін өнерде сақталып қалды» [1,76]. Өнерді басқа түсінікті тілге аудару мүмкін емес, оны шартты түрде ғана айтуға болады.

Көркем бейнелер тек перцептивті жолмен ғана қабылданады, яғни ол тек көркем шығармамен байланысқа түскенде.

Мысалы, бүгінгі күні әлемге танымал қазақ суретшісі Ерболат Төлепбайдың туындыларында бейнелеу өнерінің бүгінге дейін жеткен жетістіктерінің әдістерін пайдалана отырып, қазақ өнерінің тақырыптары ұлттық дәстүр мен колоритте шешімін тапқан суретшілердің бірі. Ол күрделі мәселелердің қарапайым шешімін тапқан заманауи суртші. Ерболат Төлепбай дүниенің сырын кескіндеме тілімен ашуға тырысады. Кескіндемеші шынай көріністің ар жағындағы руханилыққа үңіледі. Сондықтан да болар оның соңғы жұмыстарында адамның санасын алдайтын сыртқы көріністерге мән берместен, оның ішкі мәніне үңіледі. Дегенмен, кескіндеме өнерін жоғарыда айтқандай көзімізбен көріп, қабылдама-сақ, оның эстетикалық, психологиялық, философиялық тіпті көркемділігіне жету мүмкіндігінен айрылады. Демек, «бейнелеу өнері сөз өнерімен қатар эстетикалық коммуникация» деген Виталии Маниннің пікірі бойынша, «өнерді интерпретациялауда оның терең мазмұнын бейнелеуші тілі, жазық жалаң, көркем емес затқа айналады. Дәл осы өнердің тілге аударылмайтындығы, өнердің табиғаты жоқ деген жалған пікір тудырды. Өнер мәнінен айрылған, біздің қиялымыздың жемісі, оны жанама сезінеді» [1, 116.]. Өнердің табиғатын анықтайтын қоғам тудырған пікірлер. Әрине өнер әр заманда әртүрлі қабылданып, оның қоғаммен дамығаны мәлім. Дегенмен өнердің табиғатын ол пікір айқын анықтап бере алмайды, ол жай өнерге деген қоғамдық көзқарас. Бейнелеу өнерінің қызметі қоғамдық оймен тығыз байланысты, өнерге деген көзқарас өзгерген сайын оның мәні де өзгеруі тиіс. Қазақ бейнелеу өнері қалыптасқалы бері аз ғана уақыт өткенімен, өнерге деген көзқарас өзгеріп, оның қызметі әртүрлі бола түсті: ақпарат алмасу, үгіт насихат жүргізуші құрал, тарихи естеліктерді сақтаушы және т.б. Өнердің қызметін басқару мақсатында пайдалану, өнердің табиғатына жат. Өнердің мәні оның қызметінен, оның көркемділігіне жақын. Бүгінгі күннің өзінде соцреализм кезеңіндегі өнерді қатты сынап, өнердің қызметінің бір бағытта, яғни ол кеңестік дәуірдің идеологиясына қызмет етті деген сындар өте көп айтылып жүр. Егер де олай болса, бүгінгі заманауи кезеңде кеңестік өнерді қабылдамастан, тіпті оны жоққа шығарар еді. Шынындағында қазақ кәсіби бейнелеу өнері мектебінің қалыптасуы кеңестік кезеңге тура келеді. Бір кездері жаппай сынға алынған кеңестік дәуірдің көркемөнері бүгінде қайта қарастырылып, ол көркемдік құндылығы тұрғысынан қарастырылуда. Дегенмен бейнелеу өнерінің шығармалары қай кезеңде, қандай идеологияда туылғанымен, олар

эстетикалық кристалл арқылы өтеді. Өнердің қандай қызметін атқарғанымен, кез-келген өнер туындысы өнердің көркемдігімен пісіп жетіледі.

Эстетиканың бастауы адамның қабылдауымен байланысты. Сұлулықты шын мәнінде адам қабылдайды, бірақ сонысына қарай, ол жеке адамға ие. Әрбір халықтың өзіне тән сұлулық өлшемі бар. Көркем өнердің критерийлерінің қалыптасуына қоғам әсер еткенімен, көркемөнер құбылысы өзгермейді. Өнер бар болып қала берді және ол біздің қабылдауымызға тәуелді де емес, қоғамнан тыс өзгере де қоймайды. Заманауи өнердің кезінде қолдау таба қоймағанын біз өнер тарихынан білеміз. Тіпті қазіргі кездің өзінде дәстүрлі классикалық өнер мен заманауи өнердің жақтаушылары болып бөлініп, бүгінгі өнерді қабылдауда қиындықтар тууда. Қазақ кескіндеме өнері тарихында ұлттық классикалық мектептің өкілдері көркем шығармаларында қоғамда жүріп жатқан оқиғалар мен құбылыстарды заман ырғағында бейнеледі. Олардың тақырыптары туған жер, салт-дәстүрден көріністер, қоғамдық жағдайлар, қоғам қайраткерлері және т. б. осы сияқты шынайы көріністер. Суретшілердің бейнелейтін объектісі – қоршаған орта. «Өнер, бейнеленетін затты көркемдеуден басталады. Өңделмеген зат, яғни көркемделмеген объект, өнер емес. Көркем шығармашылыққа жету жолында үнемі заттың жай бейнесі мен оның эстетикалық руханилығы арасында күрес жүреді. Бірінші жағдайында «объект», немесе көп жағдайда артефакт, екіншісіне – терең ойластырылған және поэтикалы жасалған дәстүрлі өнер тән. Дәл осы қайта көркем өңделіп ойластыру өнердің биіктігі мен әлсіздігін айқындайды» [1, 186.]. Бұл көркем шығармашылықтың экстравертті бейнеленетін, яғни адамның ортаға қатынасынан туатын туындылар. Бұл жағдайда заттар да өнер объектісі бола алады. Постмодернизмде көбінесе көркем өнердің объектісі артефакт болғандықтан заттар көркем өңделуден өтпейді. Онда заттың көркемділігінен гөрі, ол зат арқылы айтылатын ой, яғни онда тұжырым рөл ойнайды. Дәстүрлі өнерде объектіні эстетикаландырудың көркем үдерістерін өнер тіліне аударса, ал артефактылармен сөйлейтін постмодернизмде шығармашылыққа айналу үдерісі жүреді. Сондықтан постмодернизм кезеңін алғашқы қауымдық кезеңге қайта оралу дейді. Алғашқы қауымдық кезеңде заттың белгісін жекелеген дыбыстармен белгілеп, олар заттың атауын берді, содан кейін барып зат сол дыбыспен белгіленді, немесе аталды. Постмодернистер сөз – зат емес, зат – сөз дегенге өтті. Басқаша айтқанда сөз зат туралы ақпаратты алып жүруші, ал зат болса – сөз туралы. «Сөздің қалыптасқан үдерісі заттың

атауын толық білдіргенге дейін ғана емес, ең маңыздысы – ойды білдіргенге дейін жүрді. Бұндай ойлау әдісі бірнеше ғасырлар бойы күшін жоғалтпады, тек XX ғасырда санада төңкеріс жүрді» [1, 196.]. Бұл үдерістің Батыс Еуропадан басталғанын білеміз.

Постмодернизмде заттың жасырын мағынасын ашуға ұмтылып, объектілер заттар арқылы сөйлесуге кірісті. Басқаша айтқанда заттар қайта сөзге, бейнеге, түсінікке сіңе бастады. Бұл үдеріс алғашқы қауымдық ойлауға қайта оралу дегенімізбен, заттардың мазмұнын сол кезеңдегідей аша алмады. Постмодернистер бұрын пайда болған заттарды жақсылап заманға сай эстетикалық рәсімдеп ұсынғандықтан, ондағы өнер оның мәніне сіңіп кетті. Постмодернистік сана көркем ойды заттармен түсіндіріп, үйреншікті сөзден, қимыл-қозғалыстан, бейнелеу тілінен бас тартты. Объект заттармен сөйлейтін болды. Постмодернистік еуропалық үрдістер қазақ көркем өнерінде де көрініс тапты. Кескіндемеші Сыдыхановтың «Сыдыхановтың бос қайығы» атты көрмесінде, суретші автопортретінде оның өзінің бейнесі емес, оны білдіретін заттардан құрылған картина орын алды. Дәстүрлі бейнелеу өнерінде автопортреттен суретшінің өзінің бейнесін көрер едік, ал бұл жұмыста суретшінің картинасынан, кәмпіттің сыртқы қабықтарынан, бояулардан, дәрі-дәрмектер мен шылымның қорабынан құрылған композиция, Сыдыхановты білдіріп тұр. Сыдыханов қазақ кескіндеме өнерінде классикалық, модернизм, постмодернизм тәжірибелерін меңгеріп, олардың көркем нәтижелерін өзінің шығармаларында қолданған суретші. Оның алғашқы кезеңдердегі шығармалары реализм, соцреализм әсерінде жазылған, одан оның шығармаларында ұлттық тақырыпта жазылған туындылар мен түрлі жазу әдістерін ізденістерінен, біртіндеп оның жазу мәнеріне постмодернистік ерекшеліктер ене бастайды. Оның

шығармашылығында объектіден-сөзге, сөзден – объектіге ауысқан постмодерниздің әсері айқын көрініс тапқан. Әрине, әбдірашит Сыдыханов шығармашылығынан бірнеше тарихи қатпарларды көруге болады. Ол өзінің шығармашылығы арқылы болашақ пен өткенді байланыстырады. Дегенмен қазақ бейнелеу өнері тарихында ұлттық руханилықтың ақсайтын тұстары да бар. Бұның себебі «өзіміздің ұлттық, этникалық мәдениетімізден ажырап қалуымызда, біздің табиғи даму негізіміз болатын, шын мәнісінде өзіміздің тарихымыздан және мәдени мадымыздан қол үзіп қалдық» [2, 4 б.] – дейді өнертанушы Райхан Ерғалиева. Батыс Еуропалық өркениеттің мифологиялық және діни негізінің философиялық және мәдени идеялары ғасырлар бойы еуропалық мәдениетте интерпретацияланды.

Ю.М. Лотман «Текст как семиотическая проблема» атты мақаласында өнердің екі түрі болады деген: біріншісі, канондық жүйеге; екіншісі, канонды бұзуға бағытталған. Біріншісі «ритуалданған өнер», «эстетикаға тура келетін» деп олардың ерекшелігі дәстүрлі қалыптасқан эстетикалық нормаларды қайталау деген болса, екіншісінде эстетикалық құндылықтар нормативті қайталаудан емес, керісінше оны бұзудан шығады және оны «каноннан тыс» деп атаған. Сонымен қатар, қайталанбас объектілер коммуникативті бола алмайды және кез-келген «индивидуалды» және «қайталанбайтын» шығарма ағана стандартты элементтермен салыстырмалы пайда болады [3, 244 б.]. Өнертанушы Райхан Ерғалиева бүгінгі қазақ бейнелеу өнеріндегі бірегейленудің екі тенденциясын, яғни ұлттық идеялардың көрінетін экстравертті көрінісі мен оның ішкі интравертті тасымалдануын алға тартады. Оның бірінші қатпарындағы тарихи-этнографиялық түрі стилистикалық жағынан шынайы тұрғыда көрініс табады. Бейнелеу өнеріндегі осы тенденциялар суретшілердің шығармаларын одан әрі байыта түскен.

#### Әдебиеттер

- 1 Манин В.С. Неискусство как искусство. ОАО «Издательство «Аврора»», 2006 – 269 с.
- 2 Ерғалиева Р. «Вперед в прошлое» как мэйнстрим современной культурной ситуации в Казахстане. // Жаһандану үдерісіндегі ұлттық біртектестік. Халық. ғыл. конф. мат. – Алматы: Ә. Қастеев ат. МӨМ, 2009. – 200 б.
- 3 Лотман Ю.М. Статьи по семиотике и топологии культуры. Избранные статьи трёх томах. Том1. Статьи по. Таллин: Александра, 1992.-472 с.

#### References

- 1 Manin V.S. Neiskusstvo kak iskusstvo. AOA «Izdatel'stvo «Avrora», 2006. – 269 s.
- 2 Ergalieva R. «Vpered v proshloe» kak meinstrim sovremennoi kul'turnoi situacii v kazakhstanе. // Jahandanu uderisindegi ulttyk birtektestik. Halyk. gyl. Konf. Mat. – Almaty: A. Kasteev at. MOM, 2009. – 200 b.
- 3 Lotman YU. M. Stat'i po semiotike i topologii kul'tury. Izbrannye stat'i treh tomah. Tom1. Stat'i po. – Tallin: Aleksandra, 1992.- 472 s